







Қарқабатов Бекназар

1906 жылы 6 наурызда Қостанай облысы Аманкелді ауданында дүниеге келген. 1941 жылы Мақтарал ауданы Маяк совхозынан әскерге шақыртылады. Майданда 100-атқыштар дивизиясында, 104-атқыштар дивизиясында болып, кейін 2-атты әскер полкына ауыстырылады. Майданда Волокаламское шоссе арқылы Мәскеуге дейін жеткен. 1943 жылдың басында генерал Крюковтың 4-атты әскер корпусы Ленинград майданынан I Белоруссия майданына ауыстырылды. Житомир қаласы түбіндегі ұрыстан кейін полк үшінші рет қайта толықты. 1944 жылдың сәуір айында Варшавадағы ұрысқа қатысады.

Осы ұрыстан кейін полк командирі полковник Каравец майдангерді «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттап, штабтағы полк туын ұстаушы етіп тағайындайды. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін II және III дәрежелі «Даңқ» орденімен, I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Соғыстан оралған соң парторгболған, шопан болған. 1993 жылы 21 желтоқсанда қайтыс болған.